

МУЗЫКА ПӘНІ МҰҒАЛІМІНІҢ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ БЕЙІМДЕУІ

Барлық музыкалық-педагогикалық үрдіс, музыка мұғалімінің бүкіл шығармашылық іс-әрекеті тек бала тұлғасын қалыптастыруға, оны оқытып, тәрбиелеуге, музыкамен байланысын дамытуға бағытталуы тиіс. Әрбір жас ұрпақ жас ерекшелік мінез-құлықтың дамуын сақтай отырып, мұғалімдер мен ата-аналарға күнделікті жаңа міндеттер мен мақсаттар жүктейді. Қазіргі, яғни ХХІ ғ. балалардың мінез-құлықтың дамуында өткендегімен салыстырғанда өте көп айырмашылықтар байқалады. Оның бірнеше объективтік факторлары бар. Соның бірі - әлеуметтік фактор. Мәселенің түп негізі – жаңа дамып отырған қоғамдық қатынастардың оқушыларға әсері, қоғамның орасан зор жіктеліске түсуі, әрбір отбасының материалдық қамтамасыз етілуіндегі айырмашылықтар және олардың әлеуметтік жай-күйі жайында болып отыр.

Ата-ананың ұзақ уақыт жұмыста болып, қолы босамауы салдарынан баламен арадағы қарым-қатынас әлсірейді де, оның психологиясында жалғыздық сезімі қалыптасады. Бұл баланың мінезіне, ішкі жан дүниесіне кері әсерін тигізетін үлкен қатер. Өйткені баланың ең басты әлеуметтік қажеттілігі тек қана үлкендермен қарым-қатынас жасау негізінде қанағаттандырылады. Осындай жағдайларды ескере отырып, музыка пәні мұғалімі оқушылардың өзін-өзі тани білетін тұлғалық дәрежеге жетуіне көмектесетін жәрдемші ретінде көрінеді, шығармашылықпен тәрбиелей отырып, құбылмалы қоғамдық ортада жаңа тұлғалы азаматтық статус алуына көмектеседі. Бүгінгі оқушылардың ерекшеліктерін айқындайтын негізгі факторлардың бірі – балалар денсаулығының төмендеуі, қауышты жағдайда нашарлауы болып табылады. Ақпараттық деректерге сүйенсек, балалардың 80 – 90 % пайызы әртүрлі ауырулармен ауырып, зардап шегетін көрінеді, ал сау балалардың пайыздық көрсеткіші күн санап төмендеуде. Жалпы денсаулығы төмен балалар тез шаршайды, зейіндік қаблеті шашыраңқы, жұмысқа қаблетсіз, ынтасыз болатын айқын.

Мұндай факторлар музыка мұғалімінің жұмыс істеуін қиындатады, ұжымдық жұмыс ырғағын бұзады, сондықтан да осындай жағдайда мұғалімнен ерекше шеберлікті, сабырлылықты және іздемпаздықты талап етеді. Қазіргі оқушыларға әсер ететін үшінші фактор – ғылыми-техникалық және ақпараттық прогресс. Қазіргі таңда әр түрлі ақпараттар, соның ішінде музыкалық хабарламалар ақпараттық құралдар арқылы өте көп көлемде таратылуда. Әрине, бұлардың көпшілігі үстірт, жүйесіз, тіпті кейде күмәнді, сенімсіз күйде жеткізіледі. Осының кесірінен балаларда «бәрін де білемін»

деген ұғым қалыптасады. Мұндай теле-радио желілері арқылы немесе әртүрлі музыкалық ұнтаспалар арқылы қабылданған сапасы төмен музыкалық материалдар, жанрлық бірізділік, көркемдік әсердің жоқтығы сияқты т.б. факторлар оқушылардың музыкалық қаблетін дамытуға кері әсер етеді.

Төртінші фактор – оқушыны қарқынды түрде (интенсивті) дамыту процесі. Бұл оқушыларды жинақылыққа өздігінен жұмыс істеуіне, берілген тапсырманы шығармашылықпен орындауна, қойылған сұрақтарға тыңғылықты, нақты фактілермен жауап беруіне қалыптастырады. Қазіргі уақытта міндетті музыкалық білім беру тек қана балалардың кішкентай кезінен бастап жас өспірім шаққа дейін мерзімін қамтиды. Осылардың әрқайсысына жеке тоқталсақ. Бастауыш сыныптарда (7 – 10 жастағы балалар) музыкалық сабақты ұйымдастырғанда олардың дене мүшелерінің қалыптасуы, физиологиялық өзгерістері өте қарқынды түрде дамытынын басты назарда ұстау керек. Бастауыш сынып оқушыларының іс-әрекетінде төмендегідей ерекшеліктерді байқауға болады:

- музыкалық тәжірибесі шашыраңқы, қалыптаспағандығы;
- вокалдық-есту қаблетінің төмендігі;
- есту қаблетіне қарағанда көріністік, ойын-сауықтық әсерінің басымдылығы;
- түрлі-түсті, рахаттық сезімге бейімділігі;
- сезім әрекетінің құбылмалылығы, тез әсерленгіштігі, қызбалылығы;
- өзімшілдік сезімінің үстемдік етуі, естушілік, көру, іс-қимыл әрекетінде өзін-өзі көрсетуге құштарлығы т.б.

Тағы бір айта кететін мәселе, осы жастағы балалардың ашық та, жарқын және бейнелі түрде қабылдауы басым болады. Бастауыш сыныпқа әртүрлі дайындықтағы балалар келеді; кейбіреулері бала-бақшаға бармаған, енді біреулерінің сыныптастарымен, ұстазбен қарым-қатынасы төмен болады. Көпшілігі әрбір үйдің бір-бір еркесі сияқты т.б. әр түрлі факторлар. Мұндай факторлар музыка сабағын жүргізуге кері әсерін де тигізеді. Осындай жағдайларды ескере отырып Б.С.Рачина өзінің көп жылдық тәжірибесі негізінде мынандай қорытынды жасайды:

Бірінші сынып оқушыларына әрбір дыбыс ырғағын, музыкалық әуеннің әуезділігін дұрыс тындап, қабылдауға үйрету керек.

Екіншіден, оқуға алғаш рет келген балалар музыканың көркемдік мәні мен мазмұнын қабылдамай, тек оны жалпылама, үстірт түсінеді. Сол себептен олардың көпшілігі музыканың әсемдік бояуын жан-дүниесімен сезініп түсіне алмайды.

Үшіншіден, бірінші сынып оқушыларының басым бөлігі музыка тілінің әліппесін жете түсінбейді (яғни, тыңдау, түсіне білу және музыкалық шығармашылық әрекетіндегі дыбыс ырғағы, саз, регистр, екпін, динамика, бояуды қабылдай білу).

Осы айтылғандар мен қатар мынандай ерекшелікті де қаперде ұстау керек. Яғни, оқушылардың мектепте өткізген өмірінде бейімделу синдромы да (стресс) қабаттаса жүреді. Бұл синдром, әсіресе, бірінші сынып

оқушыларының мектеп өміріндегі алғашқы алты аптасында анық байқалады. Осы кезде мектеп өміріне бейімделуі мен қатар оқушылардың функционалдық жүйесінде де өзгерістер жүре бастайды. Организмдегі осындай өзгеріс олардың мінез-құлқына да әсер етеді.

Түйіндей айтқанда, бастауыш сыныптардағы музыка сабағын ұйымдастыру кезінде, жоғарыда аталған ерекшеліктер ескеріліп, оқушылардың түрлі психологиялық жағдайына көңіл аударып, соған сәйкес музыкалық материалдар дұрыс таңдалынып, оқушылардың музыкалық сұранысы қанағаттандырылып отырса, музыка сабағы мақсат, міндетіне толық жетеді. Жас өспірім жастағы балалардың ерекшеліктерін сипаттай келе, Ю.Б.Әлиев жас жеткіншек (10-12 жастағылар) және жас өспірім (12-15 жас) балалардың өзіндік ерекшелігі музыкалық білім беру бағыты тұрғысынан ашып береді. Зерттеушінің айтуынша, жас жеткіншектер тез шаршауға бейім, сондықтан оларға музыка пәні мұғалімі әр түрлі жұмыс формаларын алмастыра отырып, жұмыс жоспарын мозайкалы жүйемен құру керек. Бұл кезде сабақтың көңіл-күй өрісіне бағытталған дұрыс.

Жеткіншекерге қарағанда жас өспірімдер күш-қуатының молдығымен ерекшеленеді. Олар берілген жұмысты құмарлықпен тез әрі жылдам орындайды. Мұндай кезде жас өспірімдердің басым көпшілігін организміінде өзгерістер болып жатқанын пән мұғалімі есте ұстау керек. Әсіресе, ән сабақтарында өте мұқият болғаны жөн. Өйткені жас өспірімдердің дене құрылысы дамып, бойы өсіп, дауыс шымылдығында өзгерістер жүре бастайды. Бұның барлығы қалыпты физиологиялық даму. Тағы бір ескеретін жағдай – ұл баламен қыз баланың физиологиялық дамуы әр басқа: қыз балаларда жеңіл өтсе, ұлдарда күрделі жүреді, ұл бала мен қыз баланың арасында қарым-қатынасы да өзгереді.

Қорыта айтқанда, оқушылардың жас өспірім айырмашылықтарын ажырата біліп, олардың физиологиялық дамуын, мінез-дүниесімен сезе білген мұғалім ғана оқушылардың музыкалық қажеттіліктерін қанағаттандырып, музыкалық тәрбие беруде өз мақсатына жететіні күмәнсіз.

Әдебиеттер

1. Абдуллин Э.Б. Теория и методика преподавания музыки // Музыкальное обозрение: Методолого-методическая подготовка учителя музыки. – (Сер «Педагогический университет»). – М., 2000.
2. Алиев Ю.Б. Настольная книга школьного учителя-музыканта. – М., 2000.
3. Анисимов П.В. Методика преподавания музыки: проблемы становления профессионального стиля // Методолого-методическая подготовка учителя музыки: Материалы VII международной научно-практической конференции / Отв. Ред. Э.Б.Абдуллин, Е.В.Николаева. – М., 2002.
4. Безбородова Л.А., Алиев Ю.Б. Методика преподавания музыки в общеобразовательных учреждениях. – М., 2002.
5. Бонфельд М.Ш. Музыка как искусство. Основные проблемы музыкальной эстетики // Бонфельд М.Ш. Введение в музыкознание. – М., 2001.